



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Мемлекеттік сатып алу: Жүйеге қандай өзгеріс енді?

Қазақстанның мемлекеттік сатып алу жүйесі қолжетімділігі және ашықтығы тұрғысынан әлем бойынша 109 елдің ішінде 3-орында екен. Мұны Дүниежүзілік банктің арнайы зерттеуі растайды. Отандық мемлекеттік сатып алу порталында 100 мыңнан аса өнім беруші және 24 мыңнан аса тапсырыс беруші тіркелген.

Қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбейілдің айтуынша, біздегі мемлекеттік сатып алу жүйесінің қазіргі кезеңіне автоматтандырылған. 2022 жылдың қорытындысы бойынша электрондық веб-портал арқылы жүргізілген сатып алу көлемі 5,9 трлн теңгеге жетті. Былтыр рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс және негіздемелік келісімдерді пайдаланылатын конкурс түрінде мемлекеттік сатып алу жүйесі жаңа тәсілдері енгізілген.

«Осы күнге дейін осы рейтингтік-балдық жүйе арқылы жалпы сомасы 225 млрд теңгеге 899 шарт жасалды. Бұл тәсіл конкурстық комиссия мүшелерінің қатысуынсыз сатып алу жеңімпазын автоматты түрде анықтайды. Сонымен қатар сатып алу алуы онлайн режимде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық дүкен енгізілді. Ол арқылы былтыр 43 млрд теңгеге 185 мың сатып алу өткізілді. Рәсімдерді оңайлату мақсатында негіздемелік келісімдерді пайдалана отырып, конкурс түрінде сатып алу алуы жаңа тәсілі іске қосылды. Бұл тәсіл сатып алу процедураларын 2 айдан 30 күнге дейін қысқартты. Биылдан бастап сапалы тауарларды сатып алу мақсатында өмірлік циклдің құнын пайдалана отырып, конкурстың жаңа тәсілі енгізілді, мұнда өнім берушіні таңдау сатып алу бағасы негізінде емес, тауардың бүкіл қызмет ету мерзімінің құны негізінде жүзеге асырылады», деді вице-министр.

2022 жылы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңынан бір көзден сатып алу алуының 7 негіздемесі алынып тасталған және 8 негіздемесі қайта қаралған.

«Заңды бәсекелес тәсілмен жүзеге асыру туралы талап енгізілді. Сондай-ақ тапсырыс берушінің бірінші басшысының бір көзден сатып алуы негізінде қолданғаны үшін дербес жауапкершілігі көзделді. Осылайша, 2021 жылмен салыстырғанда 2022 жылы бір көзден сатып алуының көлемі



38%-дан 25%-ға дейін қысқарды. Бұл ретте тапсырыс берушінің мұқтажының жедел өтеуге мүмкіндік беретін тек аса маңызды негіздер сақталған. Мысалы, табиғи монополия қызметтері, ТЖ кезіндегі сатып алулар, ведомстволық бағынысты ұйымдардан сатып алу сияқты негіздемелер қалдырылды», деді спикер.

Бұған қоса бәсекелестік тәсілдермен өткізілген сатып алулар саны 877 мыңнан 1,6 млн дейін өскен.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру барысында Мемлекет басшысының құрылыс нарығын демонополизациялау жөніндегі тапсырмасы да айқын ескеріледі. Ведомство өкілінің айтуынша, тапсырыс берушімен келісілмеген қосалқы мердігерлерді тартқан жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шартты бұзу үшін тапсырыс берушінің қосымша құқығы көзделген. Сондай-ақ көрсетілген қызметтер тәжірибесінің болуы бөлігінде конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшартты есептеу 10 жылдан 5 жылға дейін төмендетілді.

«Қазіргі уақытта Қаржы министрлігі аумақтық белгі және теріс мәні түріндегі әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін жаңа өлшемшартты белгілеу бөлігінде мемлекеттік сатып алуы жүзеге асыру қағидаларына түзетулер пакетін әзірледі. Түзетулер бүгінде ұлттық кәсіпкерлер палатасымен талқыланып жатыр. Бұл тәсілдер жергілікті компанияларға конкурста жеңіске жетуге және жұмыс көлемін қосалқы мердігерлікке беру фактілерін болдырмауға, ірі компаниялардың монополиялық жағдайын төмендетуге, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамытуға мүмкіндік береді», деді Д.Кең-

бейіл.

Бастауын былтыр алған тағы бір жаңашылдық – «Самұрық-Қазына» қорының және квазимемлекеттік сектордың барлық субъектілерінің сатып алуларын реттейтін «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген Субъектілерінің сатып алуы туралы» заңның күшіне енуі. Бұл ретте Қордың директорлар кеңесі сатып алуының жаңа тәртібін бекітті.

«Басқа ішкі құжаттарға сілтемелерсіз тікелей әрекет ету тәртібі қабылданды. Сатып алуының бәсекелестік емес тәсілдерін алып тастау және отандық бизнесті қолдауға бағытталған кешенді шаралар көзделген. Бір көзден сатып алу тәсілін заңсыз қолданғаны үшін дербес жауапкершілік енгізілді. Қордың сатып алу порталында барлық ақпаратты орналастыру, сондай-ақ шағымдар тізімін қалыптастыру қарастырылған. Қордың сатып алу тәсілдері мейлінше мемлекеттік сатып алуларға жақындатылып, бір ізге түсірілді», деді спикер.

Қордың сатып алу тәртібін Қаржы министрлігімен және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен міндетті түрде келісу заңмен бекітілген.

Вице-министрдің сөзінше, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заңды әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

«Жаңа заңның негізгі мақсаты – рәсімдерді егжей-тегжейлі реттеместен заңға икемділік беру, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, одан әрі цифрландыру есебінен сатып алу үдерісін оңайлату және сатып алулар бойынша бірыңғай платформа құру. Мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар қатарынан жұмыс тобы құрылды. Бірлескен талқылаудың, сондай-ақ проблемалық мәселелерді анықтау тұрғысынан заңнамаға жүргізілген нәтижелер бойынша жаңа заңның негізгі тәсілдері әзірленді. Қазіргі уақытта заң жобасы реттеушілік саясаттың консультативтік құжатының жобасы – қоғамдық талқылауда», деді вице-министр.

«Созақ үні» - ақпарат.



Президент «Бәйтерек» холдингінің басқарма төрағасын қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Қанат Шарлапаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына холдингінің былтыр атқарған жұмыстарының қорытындысы туралы есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары таныстырылды. Президентке кәсіпкерлікті, агроөнеркәсіп кешенін қолдау және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар берілді.

Қасым-Жомарт Кемелұлына холдингінің 2022 жылы 350 миллиард теңге таза рекордтық пайда тапқаны туралы баяндалды. Бұл 2020 жылғы көрсеткіштен бес есе және 2021 жылғы нәтижеден үш есе көп.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша құны 685 миллиард теңге болатын 238 ірі жоба мен лизингтік мәмілелер қаржыландырылды. Шағын және орта бизнесті қолдау аясында сомасы шамамен 1,5 триллион теңгені құрайтын 50,5 мың жобаға субсидия берілген.

Қанат Шарлапаевтың мәлі-

метіне сәйкес агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне жоспарланған 432 миллиард теңгенің орнына 522 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлінген.

Сонымен қатар Қанат Шарлапаев халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету аясында жалпы құны шамамен 1,4 триллион теңге жеңілдетілген ипотекалық қарыз берілгені, құны 211,8 миллиард теңгені құрайтын үлестік құрылысқа кепілдік жасалғаны, кредиттік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін әкімдіктерге 176,4 миллиард теңге бөлінгені туралы баяндады. Осылайша, қолдау шараларының нәтижесінде 2,2 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді, ипотекалық кредит беру есебінен 79 865 отбасы тұрмыстық жағдайын жақсартты.

Мемлекет басшысы бизнесті одан әрі қолдаудың маңыздылығына баса назар аударды. Сондай-ақ еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға және агроөнеркәсіп кешенін дамытуға «Бәйтерек» холдингінің белсенді атсалысуы қажет екенін айтты.

60 мыңнан астам азамат шетелдік көліктерді заңдастырды

Бүгінге дейін 61 мың Қазақстан азаматына шетелдік көліктерді заңдастыруға рұқсат берілді.

«Шетелдік автокөліктерді заңдастырудың басталғанына 20 күн өтті. Бүгінгі таңда 61 мың азамат көліктерін заңдастыруға рұқсат алды. 25 мың көлік иесі тиісті құжаттары мен нөмірлерін алды», деді ҚР ІІМ ресми өкілі Шұғыла Тұрлыбек.

Оның айтуынша, заңдастыру биылғы жылдың 1 шілдесіне дейін жалғасады.

Сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің ресми өкілі полицияның күнделікті қызметінде заманауи технологияларды кеңінен қолдану ішкі істер органдарына жүктелген негізгі міндеттердің бірі екенін атап өтті.

«Бұл құқық бұзушылықтың алдын алуға да, қылмыстарды тезірек ашуға да мүмкіндік береді», деп атап өтті ол.

2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін елге әкелінген және тіркелмеген автокөліктерді біржолғы заңдастыру Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады. 23 қаңтарда еліміздегі барлық Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында заңдастыру басталды.





болған адамды сараптамадан өткізуден бас тартатынын атап өтті. Осы тұрғыда, ауыл әкімдері мен имамдарға азаматтарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар, аудан азаматтарын қайтыс болғанда сараптамадан өткізу барысында облыс орталығына жеткізу үшін әуре-сарсаңға салмау мақсатында, аудан орталығынан сараптама бөлімшесін ашып, оған сарапшының қажеттілігі жөнінде пікірін

ЗАҢДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ФАКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Созақ аудандық сотының төрағасы Ақылбек Дәуренбековтің төрағалығымен заңдық маңызы бар фактілерді анықтау мақсатында жиын өтті.

Жиынды аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов ашып, жүргізіп отырды. Шараға ауыл, кент округ әкімдері, прокуратура, аудандық полиция бөлімі, ау-

дандық емхана қызметкерлері мен наиб имам және заң кеңсесінің адвокаты қатысты.

Жиынға қатысушыларға сот төрағасы статистикалық мәліметтерге сәйкес, сотпен қайтыс болу фактілерін анықтау жылдан жылға көбеймесе, азаймай отырғанын, оның негізгі себебі азаматтар қайтыс болған кезде олардың туыстары қайтыс

білдірді.

Ауыл, кент округ әкімдер өз ұсыныс, пікірлерін жеткізіп, бірқатар мәселелер көтеріліп, жан-жақты талқыланды. Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов ауыл, кент округ әкімдеріне арнайы тапсырмалар беріп, орындалу барысын бақылауда ұстайтынын айтып өтті.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тұрғындарды жеке мәселесімен қабылдады. Жиынға аудан әкімінің орынбасары, бірқатар ауыл округ әкімдері мен бөлім басшылары қатысты.

Қабылдауға келген тұрғындардың бірі баспанасын құжат-



тандыру бойынша жүгініп, бірқатары тұрғын үй сұрау, тұрақты жұмыс орнына орналасу және әлеуметтік салалар жөнінде сұрақтарын қойып, өтініштерін жеткізді. Аудан басшысы тұрғындардың өтініштерін тыңдап, жауапты мамандармен жан-жақты саралап, мәселелерін шешу үшін қажетті жұмыстарды қолға алуды тапсырып, нақты тапсырмалар жүктеді.

Тұрғындар тарапынан айтылған мәселені хаттамалық тапсырмаға енгізіп, ауыл әкімдері мен бөлім басшыларына орындалу барысын тікелей бақылауда ұстайтынын ескертті.

Созақ ауданы Созақ ауылдық округіне сайланған әкім туралы қорытынды ХАБАРЛАМА

Созақ ауылдық округі әкімін сайлаудың қорытындысы:

Созақ ауылдық округі әкімі сайлауына 5614 сайлаушының 3843 сайлаушы қатысып өз таңдауын жасады. Созақ ауылдық округі әкімдігіне «АМАН-АТ» партиясынан ұсынылып тіркелген кандидат Аяпов Батырхан Қаныбекович 2831 дауыс, өзін-өзі ұсынған Жуматаев Дәурен Жуматаевич 962 дауыс, бәріне қарсы 11 дауыс берілді. Басым дауыспен «АМАН-АТ» партиясынан ұсынылған Аяпов Батырхан Қаныбекович Созақ ауылдық округі әкімі болып сайланды.

Созақ аудандық
аумақтық сайлау
комиссиясы.



дейін азайтылды. Қаңтардағы ҰБТ-дан бастап «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының топтарына түсуге ниет білдірушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбинациясы бойынша тапсырады.

Қаңтар, наурыз және тамыз айларындағы ҰБТ-да әртүрлі бейімдік пән комбинациясын таңдауға болады. Ал негізгі ҰБТ-ны тапсыруға берілген екі мүмкіндікте де бір бейімдік пәндер комбинациясын таңдай аласыздар.

Қаңтар айындағы ҰБТ туралы

Өтініштерді қабылдау ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz сайтында 20 желтоқсаннан 6 қаңтарға дейін жүргізілді.

2023 жылғы ҰБТ-да тестілеу форматы өзгеріссіз қалды. Қазақстан тарихы бойынша тестілеуге қатысушылар 20 тапсырманы, оқу сауаттылығы— 15, математикалық сауаттылық—15 және екі бейімдік пән бойынша 35 тапсырманы орындайды. Барлығы—120 сұрақ. Ең жоғары балл—140. Тестілеудің жалпы уақыты—4 сағат (240 минут). Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қосымша 40 минуттық уақыт сақталады. Сонымен қатар, дистракторлар саны азайды (жауап нұсқалары). Бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында нұсқалар саны бестен төртке дейін, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар тест тапсырмаларында (үш дұрыс жауаптан көп емес) сегізден алтыға

ҰБТ 10 қаңтар - 10 ақпан аралығында өткізілді. Ауданымыздың тестілеуге қатысуға өтініш берген бітірушілердің 697 ҰБТ тапсырды. ҰБТ өз деңгейінде өткізілді, ережеге сәйкес. Оқушылардың дайындығы жақсы. Білім көрсеткіштері де қуантарлық, жоғары жинаған тестіленушілеріміз де байқалды.

Алдағы наурыз айындағы ҰБТ-ға өтініштер қабылдау мерзімі 20 ақпан мен 10 наурыз аралығында, ұлттық бірыңғай тестілеу 1-31 наурыз аралығында болатынын тестіленушілердің назарларына сала отырып, бітіруші түлектеріміз дайындық деңгейлерін күшейтін, одан да жақсы көрсеткіштерге жетуіне тілектеспін.

Аққайың АБДИЕВА,
ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу
орталығы Түркістан облысы
Шолақорған ауылындағы
филиал басшысы.

ТҰРҒЫНДАР ТАРАПЫНАН КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕ ШЕШІЛДІ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тұрғындармен кездесіп, халықтың арыз-шағымдарын тыңдауда. Тасты ауыл округінің халқымен кездесу барысында тұрғындар тарапынан «Қылти елді мекенінен оқушыларды мектепке тасымалдау үшін автобус қою мәселесін көтерді». Көтерілген мәселе назарға алынғанын жеткізген аудан әкімі, шұғыл шешу үшін тиісті жұмыстар атқарылатынын айтқан болатын. Нәтижесінде «Катко» қазақ-француз бірлескен кәсіпорнының демеушілігімен «Газ А6 R331» маркалы жаңа шағын автобус көлігі беріліп, қазіргі таңда мектеп оқушыларын тасу мәселесі шешілді.

Сонымен қатар, Тасты ауылында Қазақстан, Амангелді көшелеріне жаяу жүргіншілерге аяқ жол төселсе деген ұсыныс айтқан болатын. Тиісті бөлімдерге шұғыл шешуді тапсырып, бүгінде Қазақстан және Амангелді көшелеріне 1,2 шақырым болатын аяқ жол салынып, Қазақстан көшесінен ауылдың кіре беріс аркасына дейін жарықтандыру жұмыстары жүргізілді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 19 наурызына тағайындалған Созақ аудандық мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттар


Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері	Округтік сайлау комиссиясы
Бәжібаев Ерболат Әділханұлы	08.12.1994	Жеке кәсіпкер. Созақ ауданы, Созақ ауылы	№10 округтік сайлау комиссиясы
Асанов Жасулан Абенович	08.01.1986	"F.Мұратбаев" атындағы ЖОМ мұғалімі. Сызған ауылы, Қозмолдақ елді мекені Қ.Тоқмұханбетов көшесі №5	№8 округтік сайлау комиссиясы

Созақ аудандық аумақтық
сайлау комиссиясы.

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік тәрізінен орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы.

Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-



матша хабарласты. Онда ол күйеуінің күнде ішкілік ішіп отбасының мазасын алатыны, өзіне, балаларына қол жұмсайтыны туралы баяндайды.

Зорлық-зорбылықты алдын алу бойынша азаматша А. жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, жәбірленушінің пікірін ескере отырып Қорғау нұсқамасы шығарылды 30 тәулікке. Қорғау нұсқамасын бұзу Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады, - дейді

Аналар зорлық-зомбылықсыз өмір сүруі тиіс

зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтау болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді.

Ол – жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар.

Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады. Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу қажет болып табылады.

Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген. Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін.

Жан азабын шектірген зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады.

Әйелдер мен балаларға арналған зорлық-зомбылық проблемасы елімізде елеулі мөлшерде асқынды. Отбасылардың қиыны қашуының басты бір себебі – жанұядағы зорлық-зомбылық. «Отбасылық қарым-қатынаста дағдарыс туындағанда, одан ешкімнің ештеңесі кетпейді» деген түсініктен арылу керек.

Кікілжіңі көп болатын отбасында өскен балалар есейген соң не әкесінің, не шешесінің отбасында өзін-өзі ұстау үлгісін алады.

Зорлықтың түрлері:
-Эмоциялық зорлық – балағаттау, қорлау, сөгу, балалардың жеке өміріне қол сұғу;

-Физикалық зорлық – отбасы мүшелерін мас күйінде немесе сау күйінде ұруды қолданатын эмоциялық зорлық;

- отбасын тастап кетемін деп қорқыту, әйелін немесе балаларын ұру, өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу;

-Балаларды анасына қарсы қолдану, әйелін өз балаларын ешқашан көрсетпейтіндігімен қорқыту, қорқытатын жолдарды беру үшін балаларды қолдану.

Қазақ халқының дана сөзі бар: «Әйел адамға рухы әлсіз ер адам ғана қол көтереді». Бұны халық жазылмаған заң деп санап осы уақытқа дейін сақтап келеді, алайда өкінішке орай кейбір ер адамдар ұмытып кеткен сыңайлы.

«Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» - демекші балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол. Тәрбиеге әсер беретін өскен орта, ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып, түрлі жаман мінезді жұлқырады.

«Ана – сая болар бағың болса, Әке – асқар тауың» дейді қазақта. Бір күн бар жылдар күн, жұбатар күн. Бір күн бар қуантар күн мұңайтар күн. «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, Жаманнан жақсы туады, адам айтса наньсыз» дейді халқымыз.

Отбасындағы ата-ананың мін-ез-құлқы – баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны. Нашәорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді.

Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі – жаман қылықтардан, яғни зорлық-зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасына ойран салады, отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар көрсетіп мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. «Тәрбиесіздік – ол адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі» деген болатын ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби. Ұлтымыздың қанындағы ізеттілік дәрежелікке, қайырымдылық қатыгездікке, жомарттық тоғышарлыққа, адалдық арамдыққа, парасаттылық парасыздыққа ауыспасын деген үлкен үміт тұр. Мысалы, жақында Шолаққорған ауылының тұрғыны А. деген аза-

Түркістан облысы полиция департаментті Созақ аудандық полиция бөлімінің Әйелдерге қатысты зорлық-зорбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция майоры А.Манапова. Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу керек ісі болып табылады. Тұрмыстық зомбылық қылмыстық іс болып табылады. Бұл қасақана адам денесіне жүйелі зомбылық әрекет немесе ұрып соғу жолымен денесіне зақым келтіру немесе психологиялық зақым келтіру негізінде қасақана әрекет ету.

Зорлық-зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей қатар, дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс. Балалар құқығын қорғау – егемен еліміздің асты құндылықтарының бірі. Сол үшін өскелең ұрпақтың дұрыс тәрбие алып, қоғамдағы құқықтарының сақталу жолында аянбай еңбек етуі керек.

Осы орайда бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орны бөлек екенін ұмытпаған жөн. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей бала ата-анасынан қандай тәрбие алса болашағы да, өмірі де солай болады. Сондықтан баланың тәрбиесіне бейжай қарауға болмайды. Отбасындағы келеңсіз жағдайлар, айналасындағы теріс құбылыстар баланың өміріне кері әсерін тигізеді. Сондықтан бала тәрбиесінде ата-ананың ақыл-кеңесімен қоса, мектептегі ұстаздардың, қоғамның да тәрбиесі ауадай қажет.

Қазіргі қоғамда қатыгездіктің, зорлық-зомбылықтың күшейіп, жағдайдың ушығып бара жатқанын көз көріп, құлақ есітіп отыр. Отбасылық ұрыс-керіс, әйел мен бала сұлдасы, адамдардың бір-бірін өлтіруі бәрі де әлемдегі шешімі табылмай келе жатқан мәселе. Әлемді зорлық-зомбылықсыз құру үшін түрлі шаралар өткізіліп жатыр. Бірақ бұл іс-шаралардан қатыгездік азаймай келеді. Әлемді зорлық-зомбылықсыз көз алдымызға елестетіп қарағанда, қандай болар еді?! Бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық, үлгілі отбасын құру бәрі де адамның өз қолында.

М.ЖЕҢІСҰЛЫ.

Заң талаптары баршаға ортақ

Созақ аудандық сотының төрағасы А.С.Дәуренбеков 2022 жылдың 12 айында атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша баспасөз конференциясын өткізді. Баспасөз конференциясында аудандық сот төрағасы есебі бойынша аудандық сотта 2022 жылдың 12 айында қаралған істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру нәтижелері туралы баяндап, онда сот өндірісіне 2022 жылы барлығы - 571 арыз, талап қоюлар, 56 – қылмыстық істер, 345 - әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер, 2-әкімшілік талап қою келіп түссе, ал 2021 жылдың осы кезеңінде 515-арыз, талап қоюлар, 50-қылмыстық істер, 269-әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер, 1-әкімшілік талап қою келіп түскен. Демек, 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда азаматтық істер бойынша-56 арыз, талап қоюға, қылмыстық істер-6 іске, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер-76 іске, әкімшілік талап қою 1 іске көбейгені байқалатынын айтты. Татуластыру рәсімдері бойынша 2022 жылдың 12 айында медиациялық келісіммен-91 азаматтық іс аяқталса, ал 2021 жылдың осы кезеңінде медиациялық келісіммен - 80 азаматтық іс аяқталған. Яғни, 11 іске артқан. Ал 2022 жылдың 12 айында медиациялық келісіммен-8 қылмыстық іс қаралса, ал 2021 жылдың осы кезеңінде 7 іс қаралған, яғни 1 іске артқанын айтты.

2022 жылдың 12 айында әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы 48-іс медиациялық келісіммен аяқталса, ал 2021 жылдың осы кезеңінде 64 - іс аяқталған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608 бабымен, яғни (жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру туралы құқық бұзушылық туралы істер 2021 жылы 21 іс түссе, 2022 жылы 34 іс түскен, яғни 14 іске көбейген, автокөлікті уытқұмарлық масаң күйде басқару азаймай отырғанын атап өтті. Қылмыстық кодекстің 346 бабы 1 бөлігімен (көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын басқаруды осындай адамға беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру) бойынша қылмыстар 2021 жылы 1 іс түскен, ол бойынша сот үкімімен көлік құралдарын басқару құқығынан өмір бойына айырла отырып, 2 (екі) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Ал 2022 жылы 1 іс түскен, ол бойынша сот үкімімен көлік құралдарын басқару құқығынан өмір бойына айырла отырып, 6 (алты) айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған. Сондай-ақ, Қылмыстық кодекстің 188-1-бабымен (мал ұрлау) 2021 жылы 7 іс түскен болса, 2022 жылы 4 іс түскен, мал ұрлығының 3 іске азайғанын көруге болады. Медиацияны дамыту, іске асыру мақсатында зиялы қауым өкілдері, прокуратура, адвокатура, кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың, жергілікті үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен-3 дөңгелек үстел, газет беттеріне 4-мақалалар жарияланған. Ауданда билер кеңесі құрылған. Қазіргі таңда 25 билер жұмыстар атқару барысында. Бұдан бөлек, 8 кәсіп қой, 50 қоғамдық медиаторлар жұмыс атқаруда. Сондай-ақ, Созақ аудандық әкімдігінде медиация кабинеті ашылған, онда 2-кәсіпқой медиатор жұмыс атқаруда және ауыл әкімдіктерінде, Созақ аудандық сотында медиация кабинеттері бар. Сонымен қатар, атқарылып жатқан іс-шаралар заңнамаға енгізілген өзгерістер бойынша БАҚ-та және әлеуметтік желідегі парақшаларда мақалалар үнемі жарияланып отырады. Жиынды қорытындылай отырып, сот төрағасы 2022 жылы жоспарға сай атқарылатын жұмыстардың тиісінше орындалғанын, ендігі кезекте, яғни биылғы жылы өткен жылғыдай заң талаптарын қатаң сақтау қажеттігіне тоқталды.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Патриоттық тәрбие

Әскери міндетін
абыроймен атқаруда

Өткен жылдың желтоқсан айында әскери қызметін өтеуге Жандос Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұлан құрамына алынды. Жандос аудан орталығындағы А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінің түлегі. Әскери өмір мектебінен өтуді ол жүрегімен қалады. Үлкен ағасы міндетін өтеп келіп, бұған қызықты жағдайларды баяндаған еді. Бұл оның қызушылығын арттырды. Әскерге шақыру қағазын алғанда қатты қуанды. Жүрегі лүпіл қағып, әскерге кеткенше асықты.

Жақында 5546 әскери бөлімінде ант қабылдау рәсімі өтті. Оған анасы Гүлжазира Шалданбаева арнайы барып қатысып, салтанатты шараның басы-қасында болып, ұлының қуанышына ортақтасып қайтты. Анасы ауылдың дәмін, елдің сәлемін ала барды. Қарулас достарымен бірге мәре-сәре болған жауынгер Ақаш Жандос елге сәлемін жеткізіп, қуанышты көңіл-күйге бөленді.

Әскери бөлім басшылары анасына Жандос-тың аз ғана уақыттың ішінде алғырлығымен, тапсырмаларды тиянақты атқаруымен көзге түсіп жүргендігін жеткізді.

Ауылда жүргенде үлгілі тәртібімен, көпшілігімен, спортқа жақындағымен таныла білген жерлесіміз Жандос авто взводтың мақтанышына айналып үлгеріпті.

Біз де әскери бөлім де қызметін мінсіз атқарып жүрген жауынгерге елге аман-есен абыроймен орал деген тілек айттық.

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

БОЛАМ ДЕГЕН БАЛАНЫҢ
бетін қақпа белін бу

Қазақ үшін айтыс өнері ұлы да өлмес мұра. Біз бірде бір ұлтта жоқ, тек қазақ халқында ғана бар айтыс атты құнды қазынамызбен қашанда мақтануға тиіспіз. Жалпы қазақты айтпай-ақ өзіміздің Созақтық айтыскер, тұлғалы азаматтарымызды бірсыпыра атап өтсек, арысы Құлыншақ, Құлжабай, берісі Насыр, Қазыбек ақындар Теріскейдің қазаққа тән төл өнерін төрге сүйрей білді. Ауданымызда уақытында өз ауылының намысын қорғаған айтыс ақындарын есімізге түсірейікші, арғы шеткі ауылдан бастасақ қаратаулық Айтқұлов Нұрғали, қарақұрлық Әсімхан Нұржанбаев, созақтық Жұмаділда Әлдекеев, Дәулет Тұрсынұлы, Күмісбек Рақымбаев, сызғандық Мергенбай Салықбаев, мына шеті құмкенттік Мұрат Өтенбаев, Мұхит Қасқырбаев, Әбдіғани Нұрмағанбетов, Сәдуахас Бәйтеновтерді ауылдары мақтаныш тұтатын. Расында төлтума өнер ауданымызда кенжелеп қалды. Қайсыбір жылы мен осы үлкен жауапты істі қолға алмақ үшін бұрынғы аудан әкімінің орынбасары, марқұм Айдарбеков Бағдат ағамызбен ақылдасып, аудандық мәдениет үйінің жанынан шағын бір бөлме алып, айтыс дәрісін ұйымдастырмақ та болғанбыз. Ол кезде ол кісі аудандық мәдениет бөлімін басқаратын. Жалпы бұл мәселеде біз әлі де терең ойлануымыз керек. Кешегі кеңес жылдары біздің Созақ ауданы малшаруашылығында болсын, мәдениет және өнер жағында болсын Отырар ауданымен жарыстас аудандар болды. Сол Отырар ауданында бүгінде арнайы ашылған айтыс мектебі бар. Бүгінде олар Созақ ауданын айтыс өнері жағынан он орап алатындай дәрежеге жетті. Ол де-



геніміз отырарлық азаматтардың өнер жанашыры ретінде айтыс өнеріне деген зор құрметінің белгісі десек артық айтқандық болмас. Осы жақында ғана Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі» КММ-де «Жыр алыбы - Жамбыл» атты аудандық жас ақындар айтысы болып өтті. Құрметтеп, әрі көрермен ретінде, әрі қазылық ету үшін арнайы шақырыпты. Ауданымыздың Созақ, Тәкен Әлімқұлов, Сүгір Әліұлы, Құрал Рүстемов, Құлыншақ Кемелұлы, Жамбыл аттарын иеленген білім ошақтарынан келген талантты деген жас өрендер сайыстың облыс бекіткен ережесіне сай тақырыптық айтыс және қайым айтыс түрлері бойынша екі топта өнерлерін ортаға салды. Расында әр мектептен айтыскер оқушылар шыға бермесі анық. Десе де айтысқа деген қабілеті бар, жобасы бар, ертеңнен үміті бар деген оқушыларды әкелгендері көрініп тұр. Қарап отырып, шіркін-ай осыларға шынында бір лайықты ұстаз болса ғой!-деген қиял қанатына беріліп отырдық. Қазылар қатарында

А.Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінің мұғалімі, күйші Ерғали Жүзбай, әдістемелік кабинеттің музыка кабинетінің әдіскері Ерік Досболовтар жас өркендердің өнерін бағалап отырды. Нәтижесінде тақырыптық айтыс бағыты бойынша Қ.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің оқушысы Ермекбай Бақдәулет пен қайым айтыс бағыты бойынша Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің оқушысы Нұрболұлы Нұрбақ екеуі облыстық кезеңге жолдама алды. Бұл да болса біз үшін көз қуаныш.

Байқаудың жеңімпаздары аудандық білім бөлімінің дипломдарымен марапатталды. Шараны ұйымдастыруға өз үлестерін қосқан Жамбыл атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінің директоры Нұрғали Жұмашовқа, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рахат Сағындықовқа шексіз ризашылығымызды білдіреміз және облыстық кезеңге жолдама алған оқушыларымызға сәттілік тілейміз. Төл өнеріміздің туы ешқашан төмен түспесін!

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Мәні бар маңызды шара

Мамандық—бұл әрбір адамның сүйіп, әрі қуана атқаратын ісі, оның ертеңгі болашағы. Әр адам мамандығын өзі таңдауы және оған құрметпен қарауы керек. Себебі мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Болашақта үлкен мамандық иесі болатынын армандамайтын адам болмайды. Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырады сөзсіз. Көптеген жастар осы бір сұрақтың жетегінде көп ойланып, қиялдап, өзі қалайтын, өзі сүйіп айналысатын істі таңдау жетегінде жүреді. «Білекке сенер заманда—ешкімге есе бермедік, Білімге сенер заманда—қапы қалып жүрмелік» дегендей, XXI ғасыр мықты мамандықтар ғасыры. Жақсы маман болу үшін не қажет? Ең алдымен терең білім, еңбек, дәлдік, ұқыптылық, қойған мақсатына жетуге деген өз күшіне сенімділік қажет. Елінің биік болашағы. Сауатты ұрпақ. Ойлай берсең, қиялдай берсең еш тоқтағың келмес.

Сол әлемнің бір бөлшегі болып, өз қиялында қалқып жүре бергің келеді. Ал жетістіктерге қол жеткізу үшін, әрекет етіп қана қоймай, қиялдау да керек, жоспарлап қана қоймай, сенуі керек. Ең бастысы—сенім. Алға қойған мақсаттарың үшін еңбек етсең, сол мақсатта-

рың болашақта елің үшін еңбек ететін болады. Мен оған сенімдімін.

Тәкен Әлімқұлов атындағы лицей интернатында білімді де білікті ұстаз, мектеп директорының орынбасары Бақыт Жұмаділовтің басшылығымен «Мамандық таңдау-жүрек қалауы» атты ме-

рекелік шара өтті. Мазмұны мағыналы, мәні терең аталмыш шараның ертеңгі күні мектеп бітіргел отырған түлектердің қал-қадіріне жарайтыны анық еді. Көзді ашып-жұмғанша ұлттық бір-ыңғай тестілеудің де күні жетіп келері анық. Сондықтан да бүгінгі таңда

уақыттың молдығын пайдаланып мәңгілік азық болар мамандығыңды дұрыс таңдауың маңызды болмақ. Аталмыш шараға «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай, Ұлттық тестілеу орталығының Шолаққорған филиалының басшысы Абдиева Ақайың Жарылқасынқызы, «Торлан-строй» ЖШС-нің құрылтайшысы Тулеев Мадияр Қалиұлы қатысып өз ойларын ортаға салды. Жастарға деген өздерінің ақыл кеңестерін, алдағы өмір жолдарындағы нені ескеру керектігі туралы пікірлерін айтты. Шараның сценарийі бойынша 11 сынып оқушысы Әуелбек Думан болашақта өзі қалаған тіс дәрігері мамандығы бойынша, Айдарбек Ерқанат атты оқушы заңгер мамандығы бойынша, Тілектес Бексұлтан ұстаз мамандықтары бойынша нақты алға қойған мақсаттармен белісті.

Әсел ТӘЖІБАЕВА,
Тәкен Әлімқұлов атындағы №14 лицей интернатының мұғалімі.



Ұстамдылық—адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі. Мұндай мінездің иесін кез келген орта ұнатады. Алайда ұстамдылықты ұяңдықпен шатастырмауымыз керек. Бар болғаны өзгелерді жайсыз сезімге қалдырмау үшін орнымен сөйлеп, ақылмен жұмыс жасағанымыз жөн. Ұстамдылық, шыдамдылық, сабырлықпен қатар жүреді. Сынаққа сабыр бөлек түсінік болғанымен, сол сабыр етуге ұстамдылық таныту бірегей мағыналас, қатарлас жүреді.

Ұстамдылық көбіне адамға келген сынақ кезінде таңдау еркіне беріледі. Қазақстан халқының басым бөлігі өздерін діндарлар қатарына жатқызып отырып, жайлы статистикалық мәліметтер жетерлік. Дегенмен, дін ұстанушылардың сапасы мен діни біліктілігі жайлы нақты мәліметтер жоқ. Ал, бұл дін ұстанушылардың

екендігін түсінеді. Уақыт өте келе оған діни өмірдің маңызы азая түседі. Бұрынғы құлшылыққа және діни өмірге деген қызығушылығын «иманы әлсіреу» тіркесімен сипаттайды. Алайда, дінге бет бұрған адамдардың бірқатары бұл сыннан сүрінбей өтіп, діни өмірді өзінің өмірлік ұстанымы ретінде икемдей алады. Ал, кейбірі бұл сыннан сүрініп, өз деңгейін діншілдіктен асыра алмайды. Ал, діншілдік өз кезегінде адам бойында діни сенімнің ұзақ уақыт тұрақтауына кері ықпал етеді.

Зайырлы елдің құндылықтары мен ондағы діннің даму ерекшелігін ескерсек, діншіл адам мұнда жиі пікір қақтығысына ұшырайды. Ал, өз кезегінде бұл діншілдік радикалды топтарға қосылу ықтималдылығының жоғары екендігін көрсетеді. Сенушілердің келесі тобы — діндарлар.

Діни ұстамдылық-барлық діндерге ортақ қасиет

Бәрі бірдей діни сауатты деу әлі ерте екендігін білдіреді. Сондықтан тәуелсіздікке бірнеше жыл өтсе де, діни сауаттылық және діндарлық мәселесі өзекті бола бермек. Осы тұста отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан діндарларды екі топқа бөлетіндігін ескерген жөн. Олар: діншілдік және діндарлық. Алғашқы топқа жататындар—көбіне сыртқы көрініске аса мән беретін және діни сауаты төмен дін ұстанушылар. Бұл топтағы адамдар әдетте дінге «маусымдық» іс-шаралар мен топтық әрекеттің нәтижесінде келген. Мысалы, 2000-жылдардың алғашқы он жылдығында елде дінге бет бұрғандардың саны күрт көбейді. Дәл осы тұста Қазақстанда дәстүрлі және дәстүрлі емес уағызшылардың белсенділігі артты. Сонымен қатар, діни әдебиеттердің, оның ішінде аудио және видеоматериалдардың таралуы да жаңа технологиялардың қолжетімділігі арқасында арта түсті. Нәтижесінде құлшылық үйіне баратын және діни рәсімдерге қатысатын жастардың қарасы көбейді. Ақпарат беттеріндегі дінге қатысты жаңалықтар мен отандық зерттеушілердің тәжіримдарына сүйенсек, бұл үрдіс шамамен 2014 жылдарға дейін жалғасты. Сарапшылар осы кезеңнен бастап діншілдер санының азаятындығын келтірді. Өйткені, дінге «маусымдық» құбылыспен келген сенушілер діни өмірді ұзақ уақыт ұстануға қабілеті төмен. Осы тұста діншіл сенушілердің сипаттамасын аздап келтіре кетсек:

- діннің сыртқы формасына аса мән береді және ішкі мазмұнына үңілмейді;
- дінді барынша қатаң ұстануға тырысады, бірақ діншілдіктің бұл сипаты кейде өзгеруі де мүмкін. Әсіресе, өзге достарымен бірге дінге бет бұрған жастар қасындағы жолдастарымен қосылып дінді ұжымдық әрі көңілді объект ретінде қабылдайды. Нәтижесінде кейін діннен көп адамдардың кетіп жатқандығын байқағанда ол да жолдастарымен бірге бағытын өзгерте салады;
- дінге қатысты мәселелерде төзімсіздік танытады.

Сондықтан қарсы тараппен кикілжіңге түсу ықтималдылығы жоғары. Оның көрінісін құлшылық үйлеріндегі дін қызметкерлерімен сөз таластырып, шу шығарып жүрген діншілдерден көруге болады. Діншілдіктің дәл осы кері әсері сенушіні діни өмірден алыстатады. Күнделікті пікір қақтығыстары мен төзімсіздік оның діни сенімі мен діннің асли құндылықтарын игеруге мүмкіндік бермейді. Дінді өзге адамдардың да өзі секілді түсінуін қалайды. Алайда, уақыт өте келе бұл сезім азаяды. Діни сезімі мен эмоциялар кемиді. Осы тұста діншілдің дінді ұстануы мен ұстанбауы жайлы шешім қабылдау үрдісі жүреді. Оның мысалын, жастар арасында жиі айтылатын тіркес «намазын тастапты», яғни діни рәсім орындауды тоқтатыпты деген сөз арқылы байқауға болады.

Жалпы, осыған ұқсас үрдістерді көптеген дінге бет бұрған адамдар басынан өткізеді. Алайды, соңғы бөлігіне келгенде сенуші өзінің соншалықты діндар емес

Бұл топқа жататын дін ұстанушылардың көбі жоғарыдағы үрдістерді басынан кешірген немесе бірден діни сауаты жоғары топтың арасына түсіп, дін құндылықтарын бойына сіңіріп үлгергендер. Жоғарыда айтып өткендей, дінге маусымдық көңіл күймен келіп, діни білімін арттырып, дер кезінде діни құндылықтарды игерген сенушілер кейін діндарлар арасына қосылады.

Мысалы, 2010-жылдары барша жұрттың назары дінге ауып жатқан «маусымда» дінге бет бұрған сенушілердің бірқатары осы күнге дейін діни өмір салтын ұстанады. Олар он жылдан астам уақыт дін қағидаттарын өз өмірінде қолданып келеді және оны зайырлылық ұстанымдарына қарсы қоймайды. Нәтижесінде оның күнделікті тіршілігінде дін ұстану үшін ешқандай кедергілер туындамайды. Осы тұста қазіргі кездегі діндарлардың кейбір ерекшеліктерін атап өтсек:

- дінді байсалдылықпен, аса құрметпен қабылдайды. Сәйкесінше, дін туралы білімін жетілдіріп отырады;
- діннің сыртқы көрінісінен гөрі ішкі мазмұнына көбірек мән береді. Діннің адамгершілік қасиеттеріне және өмірде кездесетін қиын сәттерде күш беретін тұстарын жақсы игереді;
- өзі өмір сүретін ортаның ерекшеліктеріне мән береді.

Әсіресе, зайырлы елдің құндылықтары мен қағидаттарын құрметтейді. Өзінің діни сенімі мен қоғамдық ұстанымдардың қайшылыққа түсуінің алдын алуға тырысады;

- дінді меншіктеуден алыс, өзгеге өзі ұстанатын дінді мәжбүрлеуден аулақ. Өйткені, қоғамның әр мүшесінің әралуан екендігін біледі. Сарапшылар діндар адамдар діншілдерге қарағанда әлдеқайда ұзақ уақыт дінге берік болатындығын тәжіримедайды. Әсіресе, өмірдің сынақты сәттерінде кейбір діншілдер діннен бас тартуы мүмкін. Сонымен қатар, дін сенушінің әрбір ісіне араласатын ережелерден тұратындықтан адамның әр күнгі ерік жігерінің жоғарылығы мен қырағылығын талап етеді. Алайда, пенденің қырағылығы әрқашан жоғары бола бермегендіктен бірде болмаса бірде діни өмір салтын тастап қою ықтималдылығы бар. Әсіресе, бұл діншілдерде жиі кездеседі. Мұны мұсылман ғламалары «нәпсіге ауыр тию» деген тіркеспен білдіреді. Жалпы, екі топтағы дін ұстанушыларды салыстыра келе діншілдердің қоғамдық өмір мен зайырлылық ұстанымына және діни құндылықтардың дамуына кері тұстары бар екендігі айқындалды. Сонымен қатар, діншіл адамның бойына діни құндылықтар сіңбегендіктен, діннен алыстау ықтималдылығы да жоғары. Ал, діндарлардың байсалдылығы діни құндылықтар мен зайырлы елдің құндылықтарын бірдей игеруге мүмкіндік бермек. Сондықтан дін ұстанып жүрген әркімнің байсалды діндарлық жолын таңдағаны абзал.

Б.ӨТЕГЕН,
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ дінтанушы-теолог маманы.

Ұлттық дәстүр иман сабақтастығы

Ұлттық дәстүр деген — кез-келген ұлттың жер бетінде алғаш рет рулық, тайпалық бірлестік ретінде пайда болып, сол уақыттан бері қарай күнделікті өмірінде үзбей қолданыста келе жатқан өмірлік қағидасы, ұстанған жолы десек дұрыс болар. Белгілі дәстүрлер осыдан мыңдаған жылдар бұрын пайда болған болуы да мүмкін. Содан бері бұлжымас заң, бұзылмас қағида ретінде қазіргі ғылым мен технологиялық заманда да өзінің өміршеңдігін жоғалтпай сақталып келе жатыр.

Дегенмен қалалық мәдениетке бой үйреткен қазақтар өз салт-дәстүрімізді елеп ескермей жататын кездері де болады. Мұндай келеңсіздіктерді қазіргі күні ауылда тұратын жастарда жасап жататын жағдайлар болып тұрады. Ұлттық дәстүр дегенге «дамымаған», келеке етіп «колхоз», «совхоз» деген секілді көкесінмен күліп жататын кездері болады. Ал намаз оқуға бет бұрғандары құдды бір айдан жаңадан келген адамдарша бұл дінде барма екен өзі? деп өзін ғана мұсылман санап өзгені екінші сәтты адам ретінде қарап жатады. Бірақ ұлттық дәстүрлеріміздің тереңіне бойлап қарап жатсақ нағыз тәрбие, нағыз мұсылмандық мәйегі сол бір елеусіз қалдырып жатқан қазақтың нақышты сөздерде екенін білгенде еріксіз басыңызды шайқайсыз. Сол ұлттық дәстүрлердің бірнешеуін саралап көрелік. Соның бірі үйге келген қонаққа, үлкенге су құю дәстүрі.

Қазіргі күнде оқырманның ыстық ықыласына бөленіп үлгерген Ұларбек Нұрғалымұлының «Дайағашы» кітабынан үзінді келтірелік. «Ауылдан әжеміз келген. Жетпісті желкелеген кісі. Сол кісіні алып жездеміздің үйіне қонаққа барғанбыз. Ет дайын болып қалғанда апайымыз: «Ал мына жаққа қолдарыңызды шая қойыңыздар» деді. Қолымыз тап-таза болса да ас алдында қол шаю сіңіп қалған сүннет қой, бәріміз жапатармағай орнымыздан тұрдық. Алдымыз есіктен енді шыға бергенде әжеміз саңқ ете қалды: «Әй, отырыңдар, түге! Бұ қалаға келдік деп қонақтың қолына су құюды ұмытып қалған ба? Шақыр ана Ерасылды тай жеген бөрідей талтаңдатпай» дегені. Ерасыл деген жиеніміз ғой. Он жаста. «Су құйсын, біреудің рахметін алмаса, алғысын алуға ұмтылмаса қайтып адам болады деп отырсыңдар?» дейді әжеміз.... Су құйған «жігітке» бәріміз «Ой, көп жаса», «Рахмет!», «Алла разы болсын!», «Оқуда озат бол!» деген ақ тілекті жаудырытып жатырмыз». Демек үлкенге су құю үлкен азамат болуға деген ұмтылыстың алғашқы баспалдағы десекте болғандай.

Елеп ескермей жататын дәстүрдің бірі әрі бірегейі болған бата беру дәстүрі. Кейде жиын тойларда, шілдехана, бесіктой, сүндет той секілді қуанышты күндерде ежелгі жөн-жосық бойынша үлкеннен бата сұрау бар. Бірақ сол бата беруді өз деңгейіне жеткізбей тойда айта-тын тост сөзі сияқтынып кететін жайларда болып тұрады. Қазақ-та қарты бар үйдің қазынасы бар деуші еді. Сол рас екен. Кейде мешіттерде жұма намазының соңынан жамағат ішіндегі ақсақалға бата бергізіп жатады. Ал өзге уақытта намаз біткен соң арабша дұғаларды судыра-тып тұратын орта жастағы аға

буын өкілдерін көріп қаламыз. Намазының соңын қазақтың жөн-жосығы ақ батамен аяқтаса Жаратушы ие «неге арабша дұғамен аяқтамадыңдар» демеіді ғой. Айналып келгенде ақ бата да Құдайға деген бір қадам болса да жақындау. Ұлтымыздың атақты батыры, Мәскеуді бес рет жаудан қорғаған батыр ағамыз Бауыржан Момышұлына құндақта жатқан кезінде атасы былайша бата берген екен: «Шыбық берсем шіл болма, құрық берсем құл болма. Бәрінен де құлыным баяны жоқ, ұл болма» деп. Мүмкін осы батаның әсері шығар бүкіл дүние жүзі батыр ағамыздың ерлігіне бас ұрғаны.

Кейде өмірімізде ырым-тыйымның түрі тым көп. Үйтпе, бүйтпе, сөйтпе деген секілді. Жіпке тізген моншақтай санасаң соңына жете алмай жатамыз. Бірақ оның мәніне терең бойласаң олда бір құндылық, ол да бір тәрбиенің құралы екен. Тіпті мұндай сарын қазақ халық ауыз, дәстүрлі әндеріне де сіңісіп кеткен. Жас баланың қолына таяқ ұстап, тіреніп тұрғанын көрсе үлкендер жағы «Тәйт!» деп жекіп тастап жатады. Сырт көзге қарасаң онда тұрған не бар? Діншілдік ауруын жұқтырған жандардың көзімен қарасаң мен тек «Құдайдан ғана қорқамын» деген жауап естисің. Енді осы тұрасында аз-кем ақпарат беріп өтсек. Бір бала деген өлеңді білмейтін қазақ жоқ шығар. Сол өлеңнің алғашқы жолы: Талдан таяқ жас бала таянбайды.... Неге? Таяқ сүйенсе не болыпты? деген заңды сауал шыға келеді. Әр жердің салты басқа дегендей. Әр жерде отырған қазақтардың дәстүрі әр түрлі болап келеді екен. Кейбір өңірлерде қаралы үйге көңіл айтуға барғанда қолына таяқ ұстаған адамдарды байқап қалатын кездер болып қалады. Ал мұның мәнісі «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» дегендей, жақынынан айырылған жанның таяққа сүйеніп әзер тұрмын деген ым-ишарасы екен. Демек жоғарыда айтылған тыйымның астарында осындай терең философиялық астар жатыр екен. Этнограф Ақселеу Сейдімбек ағамыздың айтуынаша: «Кезінде қазақ даласын отарлау үшін барлаушылық экспедициялары сан мәрте жасалды. Сонда орыс отаршылдары мына нәрсеге таңқалыпты: Қазақтар үлкен мемлекеттік іргелі істерді бір ғана сөз-үеде деген терең ұғыммен шешіп кете берген екен. Өйткені Уәде — Құдай сөзі» деп түсінген. Ал мұндай қасиетте ұлттық салт-дәстүрімізден тамыр жайған.

Бұл мақаламызда күнделікті өмірімізде терең қанат жайған салт-дәстүр мен ырым-тыйымның тек бірнешеуін ғана мәнін аша алдық. Этнографиялық бағытта жазылған еңбектерді парактар болсаңыз тіпті таңқалып, басыңызды шайқайсыз. Жаратушы Ие мен Пайғамбардың сөздерін бойға сіңіріп өзінің ұлттық шапанымен бүркемеленіп тұрған қасиетті дәстүрлеріміз әлі қаншама. Сол үшін де ең бірінші өзіміздің ұлттық болмысымызды тануға ұмтылсақ еш нәрседен ұтылмасымыз анық, ақиқат.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Жіті респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ)-әлемдегі тұмауды біріктіретін аурулардың ең кең тараған тобы тұмау, парагрипп, респираторлық-синцитиалдық инфекция, риновирусты және аденовирусты инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының талаурамалы қабынбалары. Даму үдерісінде вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқынуы мүмкін.

ЖРВИ-бұл төрт ортақ белгілерді біріктіретін аурулар тобы.

1. Олардың барлығы жұқпалы болып табылады. Олардың вирусын тудырады;

2. Ауру қоздырғыштары ағзаға ауа-тамшы жолдарымен-тыныс алу

ЖРВИ емдеу әдетте дәрігердің бақылауымен үй жағдайында жүргізіледі. Пациентті ауруханаға тек аса жағдаятта немесе шиеленген жағдайда жібереді.

Науқас міндетті түрде төсек тартып жатуды қадағалауы және барынша сыйық зат ішуі керек, жылы шай мен морс ішкені жақсы. Дене қызуы жоғары болғанда қызу бастатын дәрі-дәрмектерді, қажеттілігіне қарай тұмауға қарсы дәрілерді немесе жөтелге қарсы препараттарды қолдануы керек.

ЖРВИ кезінде тыныс алу гимнастикасы мен дәрумендер терапиясы жақсы әсер етеді. ЖРВИ кезінде антибиотиктер тиімді емес, сон-

басқа мүшелерінен мүмкіндігінше бөлек орналастыру;

Науқасқа бір адам күтім жасаса жақсы болады;

Науқасқа жүкті әйел күтім жасамағаны дұрыс;

Отбасының барлық мүшелері демпердені қолдану, қолды жиі жуу, залалсыздандыру заттарымен қолды сұрту сияқты гигиеналық іс-қашықтықта болуға тырысу керек; Науқасқа бөлек ыдыс-аяқ бөлу, Қал-жағдайы нашарлауы мүмкін кезде уақытында дәрігерге қаралу және қажетті ем алу үшін науқас жағдайын мұқият қадағалау.

Сіз бір реттік демперде қолдансаңыз, онда келесі талаптарды

Туберкулез туралы не білу керек

Туберкулез – ежелгі жұқпалы аурулардың бірі. Роберт Кох 1882 жылы туберкулез қоздырғышын ашты және бұл жұқпалы ауру екенін дәлелдеді. XX ғасырға дейін туберкулез іс жүзінде емделмейтін болған. Туберкулез әлемдегі ең көп таралған инфекциялардың бірі. Микроскоп астындағы туберкулез микробы қатты ұлғайған кезде кішкентай таяқша тәріздес болып көрінеді, сондықтан туберкулез таяқшасы деп аталды.

Туберкулез дегеніміз не?

Туберкулез-бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Туберкулез-бұл өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының-сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі. Жұқтырудың негізгі көзі-туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар

1. Толыққанды тамақтанудың болмауы.
2. Туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті).
3. Маскүнемдік.
4. Темекі шегу.
5. Нашәорлық.
6. Ілеспе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

Туберкулез белгілері?

1. Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел
2. Шаршау және әлсіздік
3. Дене салмағының төмендеуі
4. Температураның ұзақ кетерілуі
5. Түнде тершеңдік
6. Кеуде қуысындағы ауырсыну
7. Қан түкіру

Туберкулезді қалай анықтауға болады?

1. Тері туберкулин сынамасы (Манту) адамның жұқтырғанын көрсетеді.
2. Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді.
3. Қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын алу шаралары

1. Салауатты өмір салты. Бұл мақсатқа жету үшін ең жақсы жолы-күн тәртібін құру және азаны шынықтыру.
2. Таза ауда серуендеу, күн және су процедуралары, дене шынықтырумен айналысу, демалыс пен еңбек жүктемесінің дұрыс үйлесімі, толыққанды, дәрумендерге бай тамақтану, жеткілікті және уақтылы ұйқы, яғни дұрыс гигиеналық тәртіп ағзасының нығаюына ықпал етеді және оны туберкулез ауруынан қорғайды.
3. Жыл мезгіліне қарамастан, таза ауда мүмкіндігінше көбірек болу қажет, өйткені таза ауа ағзаға жақсы әсер етеді және шынығудың тамаша жолы болып табылады.
4. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу. Тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану, су процедуралары-сүртінуге, құю, душ.
5. Жөтел этикетін сақтау
6. Гигиеналық тәртіптің маңызды бөлімі дұрыс тамақтану болып табылады. Адам тәбетінің жоғарылауына ықпал ететін және ағзамен жақсы сіңіретін түрлі тағамдарды жеу керек. Тағам құрамына ақуыздар, майлар мен көмірсулардан басқа, міндетті түрде витаминдер мен минералды тұздар кіруі тиіс. Ақуыздар ет, сүт, сүзбе, жұмыртқадан болады: көмірсулар-қант, нан, картоп, жармада. Витаминдер мен минералды тұздар негізінен жаңа піскен көкөністер мен жемістерде болады.
7. Туған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакцинациялау және 6-7 жаста қайта вакцинациялау.
8. Туберкулезді дер кезінде диагностикалау.

Нұрилла АЙДАРБЕКОВА,
аудандық орталық
аурухананың медбикесі.

Тұмаудың алдын алу шаралары

ағзалары арқылы келеді;

3. ЖРВИ кезінде бірінші кезекте тыныс алу ағзалары зардап шегеді. Ауруды тегіннен респираторлық, яғни «тыныс алуға қатысты» деп атаған жоқ;

4. ЖРВИ тез таралады және көпке созылмайды. Қоздырғыштар жөтелу, түшкіру, сөйлеу кезінде ауа арқылы науқас адаммен байланыс жасаған кезде жұғады.

ЖРВИ кезінде не болады?

Вирустар мен бактериялар тыныс алу жолдарына түседі, шырышты қабыққа түсіп, зиянды заттар уыттар бөліп шығарады, сосын олар қан арқылы барлық ағзаға таралады. ЖРВИ-мен балалар және имундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады. Иммуитет ауырғаннан кейін тұрақты емес, сондықтан әр адам жыл сайын 3-4 және одан да көп ауруы мүмкін

ЖРВИ әдетте жіті, күтпеген жерден басталады. Жұқтыру мен ауру арасында орташа алғанда шамамен 2 күн өтеді. Ауырар алдында адамды мыналар мазалау мүмкін: шаршау сезімі, әлсіздік, ашуланшақтық. Бұдан әрі бұл белгілер көбейеді, бас ауырады, қатты әлсіздік, бұлшық еттер сырқырайды, дене қызуы жоғарылауы мүмкін, терлегіш болады. Тұмау, тамақтың ауруы, жөтел пайда болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда тыныс алу жолдарының зақымдануымен конъюнктивит көздің зақымдануы белгілері болуы мүмкін.

ЖРВИ немен қауіпті

Қатты ауырғандар және қатты асқынулар бойынша емделу жатқызуға мұқтаж.

Диагностика және емдеу.

ЖРВИ диагнозын терапевт қараған және науқасан сұраған кезде қояды. Сонымен бірге дәрігер несеп пен қан талдауын тағайындауы мүмкін.

дықтан олар бактериялық инфекция немесе асқыну кезінде тек дәрігердің тағайындауымен қабылданады.

ЖРВИ мен тұмауды алдын алу: Тұмауды алдын алудың 3 түрі бары белгілі:

Екпелік алдын алу, Дәрімен алдын алу (вирусқа қарсы дәрілер);

Жеке және қоғамдық гигиена «ақпараттандыру жолымен» ережесін қадағалау.

Екпелік алдын алу тұмауды бақылаудың басты амалы.

Екпе кез келген тұмау эпидемиясы кезінде ең сенімді қорғаныс болып табылады. Екпе нәтижесінде пайда болған имунитет аурудан сенімді қорғайды. Көптеген маңызды инфекция, атап айтқанда полимиелит, дифтерия, қызылша жаппай екпе нәтижесінде толық жойылады.

Маусымдық тұмауға қарсы жыл сайынғы екпе барлық жастағы топтарда ауру мен өлім-жітімді барынша азайтады. Осы мақсаттар А/Н I N I | 2009 тұмау індеті даму кезеңінде қазір де көзделген.

Екпе мақсаты-инфекция ретінде тұмауды толық жою емес, тұмаудан өлім-жітімді және ауруларды, әсіресе, оның асқынуларын, жүрек-қантанырлық, өкпе ауруларының басқа да созылмалы патологиялардың асқынуын азайту. ДСҰ жыл сайын қатерлі топтарға тұмауға қарсы егуді ұсынады: 65 жастан жоғары (созылмалы патология болған жағдайда кез келген жаста), 6 айдан бастап 15 жасқа дейінгі балалар, медицина қызметкерлері және басқа да көптеген өндірістік байланыстағы адамдар.

Егер отбасында науқас пайда болса, онда келесі ережелерді қадағалау керек:

Мүмкіндігінше науқас отбасының

орындауға тырысыңыз:

Ылғалды немесе дымқыл демпердені жаңа, құрғаққа, ауыстыру; Науқасқа күтім жасағаннан кейін демпердені бірден шешіңіз, лақтырып тастаңыз және қолыңызды жуыңыз.

Бір демпердені екінші рет қолданудан алшақ болыңыз, себебі олар індет жұқтырудың көзі болуы мүмкін!

Адамнан адамға респираторлық вирустардың берілуін болдырмау үшін демперденің тиімділігін зерделеу бойынша жүргізілетін кленикалық зерттеу эпидемия кезінде демпердені дұрыс қолдану вирустық инфекцияның жұқтыру қауібін 60-80% төмендетеді.

Дәрімен алдын алу

Тұмауды алдын алу үшін препараттар барынша түрліше, оларды тек дәрігердің тағайындауымен қабилдау қажет. Кейбір дәрілік өсімдіктердің вирусқа қарсы қасиеті бар. Көне грек заманында да дәрігерлер тұмау кезінде лимон мен апельсин бал мен қалампырды қолданған. Көптеген дәрілік өсімдіктердің ішінен тек кейбір түрлеріне ғана тоқталамыз;

Пияз, сарымсақ-өсімдіктен шыққан микробқа қарсы заттар фитонцидтерден тұрады;

Жалбыз, қарағай-вирусты жойғыштық әрекетке ие және ингаляция үшін қолданылады;

Лимон, итмұрын, мүжидек, итбүлдірген, шырғанақ-дәрумендер көзі, соның ішінде С (аскорбин қышқылы), оның негізінде дәрумендер сусыны дайындалады (шай, морс, тұнбалар).

Гүлдана ҚЫСТАУБЕКОВА,
аудандық орталық аурухананың
ембикесі.

Сары ауру қандай жолдармен жұғады

Бүгінде жұрт сақтана жүруі тиіс аурудың бірі – вирусты гепатит. Көпшілік жұрт оны «Сары ауру» деп атайды. Бауырды зақымдайтын бұл вирустық инфекция адамнан адамға ауыз су, тамақ, жанасу-тұрмыстық жолдар, қан арқылы беріледі. Ол нәжіс арқылы да жұғады. Гепатит жіті басталады. Науқастың дене қызуы 38 – 39 градусқа дейін көтеріледі де, 1 – 3 күн аралығында сақталып тұрады.

Бас ауруы, айқын көрініс беретін жалпы әлсіздік, бұлшық еттердің ауыруы, қалтырау, ұйқышылдық, түнгі уақыттағы ұйқының бұзылуы байқалады. Тәбеттің төмендеуі, ауызда ащы дәмді сезу, жүрек айнуы, кейде құсу, оң жақ қабырға астының, қарын үстінің ауырсынуы және қолайсыздықтың сезілуі, несеп түсінің өзгеруі аңғарылады. Одан кейін нәжіс түссіз болып кетеді, көздегі ақ қабықтың сарғаюы білінеді. Вирустық В және С гепатиттері ең ауыр ауруларға шалдықтырады және ол созылмалы циррозға және бауыр облырына (рак) алып келеді.

Вирустық гепатит онымен залалданған анасынан нәрестеге өтеді. Қорғаныссыз жыныстық қатынас арқылы жұғады. Қауіпсіз қанды және оның құрылымдарын құю кезінде де жұғуы мүмкін. Сондай-ақ науқастың және тасымалдаушының қанымен залалданған құралдар арқылы, медициналық немесе медициналық емес мекемелерде, стерилизация және залалсыздандыру ережелері сақталмаған жағдайда берілетін кездері де бар.

Бұл ауру тамыр арқылы есірткі тұтыну кезінде, стерилденбеген шприц инені қолданғанда, есірткі да-

йындау үшін жалпы ыдыстарды пайдаланған кезде жұғады. Гепатитпен ауыратын адаммен бірге тұрған жағдайда жеке бас гигиеналық заттарын (ұстара, қайшы, тіс ысқышты және т.б.) бірге пайдаланған кезде жұғу қаупі еселеп артады.

Сондықтан вирусты гепатит вирустарының биологиялық қасиеттерін және оның аса жұғымталдығын ескере отырып, аурудың алдын алу шараларына ерекше назар аудару қажет. Жеке бас гигиенасын сақтау және жеке бас гигиенасын сақтауға арналған заттарды жеке пайдаланып, оның талаптарын қатаң сақтау қажет. Балаларыңыз тамақтанудың алдында қолын сабынмен жуып отыруын қадағалаңыз. Сондай-ақ көкөніс пен жеміс мұқият жуылып желінсін, сапалы ауыз суды қолдану қажет. Медициналық мекемелерге және косметологиялық қызметке жүгінген кезде сақтау мерзімі өтпеген, герметикалық орамадағы, бір рет қолданатын медициналық және косметологиялық құралдардың қолданылуына, медициналық персоналдың міндетті түрде резеңке қолғапты пайдаланып, қолдарының залалсыздандырылуына назар аудару қажет. Ешқашан есірткі тұтынбаңыз. Кездейсоқ жыныстық қатынастардан сақ болу қажет. Вирустық гепатиттің алдын алудың ең сенімді кепілі – вакцинация!

А. УТЕПОВ,

Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық қадағалау және бақылау бөлімінің бас маманы.

Табиғатқа жанашырлық керек

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», - деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң – құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық.

Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құрылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар өншісінде екені анық. Әсіресе орманымызды өрттен сақтау-әрбірімізге зор міндет. Кенеттен болған өрт, аң құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

**Тоқтар ТӘЖІБЕКОВ,
Орман шаруашылығының
күзетші-қорықшысы.**

Орман өртінен сақ болайық!

Кейбір қаскөйлердің тарапынан болатын орман өртінің, қасақана сексеуіл, баялыш сындырушылардың алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Жалпы елімізде өрттің қауіпсіздігі, сексеуіл, баялыш сияқты өсімдіктерді қорғау туралы ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары жиі өткізіліп тұрады. Онда ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы, қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер де кеңінен айтылып келеді. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер беріледі.

Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл, қарабарқын сынды табиғат байлықтарын себепсіз отау болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі-таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, ағаш шыбықтарын отырғызсақ, келешек ұрпақ алдындағы парызымыздың орындалғаны болар еді.

**Бақтияр КҮНЕКБАЕВ,
«Қызылкөл» ерекше қорғалатын табиғи аймағының
орман күзетші-қорықшысы.**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексінің мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарының орындалуын бақылау мақсатында, ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Түркістан облысы бойынша филиалы Созақ аудандық бөлімшесі 8 (725-46)-4-26-74 сенім телефоны арқылы жеке және заңды тұлға өкілдерінің хабарламалары қабылданады.

Созақ аудандық бөлімшесінің «Сенім телефонына» түскен барлық хабарламалар тіркеледі және жауаптар беріледі.

**А.КУЛМЕНОВ,
Созақ аудандық бөлімшесінің
зертхана меңгерушісі.**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және А.С.Макаренко атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Әбілда Шекерге жолдасы **Құлпен Өмірзақтың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және «Қарағұр» жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің шаруашылық меңгерушісі Тұрсынбек Мыңжановқа ұлы **Нұржанның**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Хабарландыру

«Қазфосфат» ЖШС жобалар бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді:

«Көксу станциясынан Көксу Блок 3-ке дейінгі алаңшiлiк жол дамуының кiрме темiр жол жолында думпакерлер темiр жолына тиелетiн автомобиль қабылдау-тiеу пунктiн салу» жұмыс жобасының құрамында қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жобалық құжаттамамен бiрыңғай экологиялық порталда танысуға болады <https://ecportal.kz/> және «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/about?lang=ru>

Жария талқылаулар 23.02.2023 ж. бастап 02.03.2023 ж. дейін бiрыңғай экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар көрсетiлген кезеңде Бiрыңғай экологиялық порталда қабылданады. Осы мерзiм өткеннен кейiн ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашысы - «Қазфосфат» ЖШС.
«Трансстрой-Меркур» ЖШС жобалық құжаттамасын әзірлеуші, БСН: 081040007608,

Объявление

ТОО «Казфосфат» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту:

Раздел Охраны окружающей среды в составе рабочего проекта «Строительство автомобильного приемо-отгрузочного пункта с погрузкой в ж/д думпакеры на подъездном железнодорожном пути внутриплощадного путевого развития от станции Коксу до Коксу Блок 3».

С проектной документацией можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/about?lang=ru>

Публичные обсуждения состоятся с 23.02.2023 г. по 02.03.2023 г. на сайте Единый Экологический портал. Все замечания и предложения принимаются в указанный период на Едином Экологическом портале. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Инициатор – ТОО «Казфосфат».
Разработчик проектной документации ТОО «Трансстрой - Меркур», БИН: 081040007608, г.Астана, район Алматы, пр.Бауржан Момышулы, 12, оф. 207 БАУ-ЫРЖАН МОМЫШУЛЫ, 12, ОФИС (СЕК. Ж), К. 207, тел. 8 701 520 5337

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении публичных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности по электронному адресу – proekt_tsm@mail.ru

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», тел.: 87253363845, a.shymabekova@ontustik.gov.kz.

Ең өзекті сұрақтардың бірі

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып осы злымдықпен күресу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз - бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты деп айтқан екен кезінде Аристотель ғұлама. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе - бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын.

Әрбір қоғам дамуының күнгей жағымен қатар көлеңкелі тұсы да бар қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуатын жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту-әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу туралы» Заңның басты мақсаты-азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады. Осы заңмен, мемлекеттік міндетті атқаратын және де оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып, пайда табу сыбайлас жемқорлық, деп анықталған. Мемлекеттік тиісті органдар сыбайлас жемқорлықпен күресті жүйелі түрде жалғастырып, пәрменді шаралар көріп отырғаны баршаға белгілі.

Оның айтарлықтай нәтижесі де бар. Олар туралы бұқаралық баспасөз бетінде, теледидар және радио арқылы қоғам мүшелеріне жеткізіліп жүр. Әлемнің көптеген елдері секілді, біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Қазақстан-бұрынғы Кеңес Одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі болып отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік мекемелер қамтамасыз ету қажет.

**Тимур АСКАРБЕКОВ,
«Азаматтарға арналған
үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ
Түркістан облысы бойынша
филиалының Созақ
аудандық тіркеу және
кадастры бөлімінің басшысы.**

Сыбайлас жемқорлық-қоғам дерті

«Жемқорлық»-сатып алу-мемлекеттік басқару құрылымындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесіне үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері-лауазымды адам ақша немесе мүлік сипатында пара алушы, пара беруші. Нәтижесінде-қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу. Жемқорлық зардабы-экономикалық өсу қарқынның тежелуіне әлеуметтік, саяси шиеленістердің құрт асуына ұрындырады. Жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер жаппай жемқорлыққа салынған жағдайда құқық қорғау органдары оларды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тартады. Сыбайлас жемқорлық сылып тастай-

тын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз.

**А.КУЛМЕНОВ,
ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМКТО
бойынша филиалы Созақ аудандық
бөлімшесінің зертхана меңгерушісі.**

Созақ ауданының өркендеуі мен дамуы жолына иненің жасуындай болса да өз үлесін қосқан, кеше ғана жалғанның жағалауынан ақиқи өмірге озған Фазиз Нышанбайұлының арамыздан кеткеніне қырық күннің жүзі болыпты.

Фазекең екеуіміз сонау 1989 жылдары танысқанбыз. Ол уақытта мен Шолаққорған мұнай айдау станциясында мастер, Фазекең болса ПМК-23 мекемесінде учаске бастығы болды. Сол жылдары Фазекең өзі қызмет атқарып жүрген ПМК-23-тің кезінде аудан көлемінде тоғандар салу жұмысымен айналысты.

1995 жылдары ол сонау асу арасындағы «Таскөмірсай» кен орнына жұмысқа ауысып, 2005 жылы жабылғанға дейін сол жерде инженер болып жұмыс істеді. Көрген, жолығысқан сәттерде сіз-біздесіп сәлеміміз түзу болды. Содан қайтадан тығыз араласқан кезіміз



берді. Түркістан бағытында егілген талдардың отырғызылған күнінен бастап, оның күтілуіне, уақтылы суғарылуына ертелі кеш айлар бойы зор еңбек сіңірді. Екеуіміз күнде кешкісін 1-2 сағат бірге жүріп әңгімелесетінбіз. Демалысқа шықсақ та демалыс орындарында бірге барып демалып жүрдік. Бұл кісі жағдайы-жоқ талай жан-яға көмек берді. Қолында барын жетім-жесірден де, тарығып келген кісіден де, жәй әншейін уақытша қайыр көмек сұрағанға да жоқ демеді. Менің таң қалатыным ол кісінің аузынан ешкімге «жоқ», «болмайды» деген сөздің шыққанын көрмегенім, не болмаса естімегенім еді. Жұмыс барысында үлкен-кіші демей барлық әкімшіліктегі мамандардың етінішін орындап беретін. Әрине жұмыс мәселесімен хабарласқан мамандарды айтып отырмын. Қандай тапсырма болса да орындайтын. Денсаулығына қа-

қайтамын» деген еді. Алланың ісіне амал бар ма?

Бауырларын жақсы көрді және бажалары Ілия, Бағдат, Рахмандармен жақсы ағалы-інілі қарым қатынаста болды. Бажасы Бағдат Айдарбеков екеуі өте жақсы сыйластықта болды. Бағдат дүниеден өткен кезде біразға дейін соны айтып, «балашағасы не болар екен?» деп уайымдап жүретін. Жұбайы Гүлмира ауырып, оны да қатты уайымдады. Сондай әрбір жайларды жүрегіне жақын алып жүріп өз жағдайын да ойламады.

Қарап отырсақ Фазекең өмірден озғалы қырық күннің жүзі болыпты. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, жаның жаннатта болсын! Артында қалған жан жарың Гүлмира, балашағаң, бауырларың аман болсын!

Жан жары Гүлмираға айтарым: Қазақта Шал деген ақын өткен екен. Сол кісі: Бұл өлім қайда жоқ,

Ақ жүректі, ақ пейілді азамат еді

2011 жылдан басталды. Созақ ауданының әкімі Берік Мейірбеков Фазекеңді Шолаққорған су мекемесіне директор етіп тағайындады. Мен ол кезде «Созақ сәулет» мекемесі директорылығынан ауысып, «Шолаққорған су» мекемесі директорының орынбасары қызметінде жүрдім. Бір жыл бірге жұмыс істеп 2013 жылы қайтадан «Созақ сәулет» мекемесіне (Созақ ауданының әкімі А.Аймұрзаевтың кезінде) ауысып кеттім. 2012 жылы бірге қоян-қолтық араласып жұмыс жөнінде проблемаларды айтып, бір-бірімізге жәрдем беріп кешегі 2022 жылдың желтоқсан айына дейін бірге қызметтес, әріптес болып жүрдік.

Фазекең отбасын, бала-

шағасын қатты ойлайтын, немерелерінің болашағын, әсіресе қайтыс болып кеткен қызының төрт баласының тағдырына алаңдап, оларды қатты уайымдайтын. «Біз Гүлмира екеуіміз аман болсақ. Сол қыздардың шешесінің жоқтығын білдірмей өсіріп жіберсек» деп айтып отыратын.

Жан-жақтағы іні-әпкелеріне көп жәрдем жасайтын. Іні-қарындастарымды жетілдірем деп жүріп кештеу үйлендім дейтін. Жұмыста атына сәл сын айтылса уайымдап, сол мәселе шешілгенше тыным тапайтын еді. Жүрегі таза болған соң, әрбір сөзді жүрегіне жақын қабылдайтын.

Судың жылу қазандығының барлық проблемаларын жатқа білетін, техникаға өте

сауатты. Әр саланы жатқа білетін. Мекеме жұмысшыларының жай күйіне өте жанашырлықпен қарап, қажет кезінде өз қалтасынан көмек бере салатын.

Көктем айларында табиғат апатынан еріген қар суы болсын, жаңбыр суы болсын ауылды шайып кетпеу үшін Шолаққорғанға Торлан жағынан келетін суға бөгет ретінде 12 шақырым топырақ үйіп бөгет салынды. 2012 жылы сол кезде бүкіл 12 шақырымды жаяу жүріп барлық биіктігін есептеп тастаққа судың құйылу жұмысын жүргізген. Осы Фазекеңнің еңбегі арқасында содан бері осы күнге дейін Наурыз мөлтек ауданында су басу қаупі сейілді. Су трасасы жобаға еңбей қалған біраз көшелерге су жалғап

рап емделуге уақыт таппады. Ауданымыздағы кенді қалашық саналатын Таукент, Қыземшек кенттеріндегі жылу жүйесі бұрынғыдай өндіріс орындарына емес тікелей аудан әкімдігіне қарағалы қысты күндері жылудан кент тұрғындары жылудан қиналмасын деп күні түні жұмыс атқарды. Фазекеңнің дүниеге келген күні 30 желтоқсан болатын. Толығырақ айтқанда ол кісі

1959 жылы 30 желтоқсанда дүниеге келген. Баладай сенгіш, ақ көңіл, ақ жүректі азамат болатын. Бүгін міне өткен шақпен сөйлеп отырмыз. Әйтпесе кеше ғана ортамызда жарқырап жүрген аптал азамат еді.

Жарықтық бір күн бұрын маған телефон соғып «Беке дұрысталдым, енді ауылға

Жарқыраған айда жоқ, Күркіреген күнде жоқ. Өтері өтіп кеткен соң, Мың теңгелік қайғыдан Бір теңгелік пайда жоқ,- деп. Сол айтқандай қайғыға беріле бермей өзіңді, балаларыңды бек ойлағаның дұрыс.

Ақ жүректі, ақ пейілді ақ жарқын азаматтың бейнесі менің де, оны танып, білетін басқа да азаматтардың есінде ұзақ сақталатыны ақиқат. Өйткені ол сондай қасиетке лайықты азамат еді!

Әріптес жоразолдастары атынан:
Берік ӘЛТЕКОВ,
«Созақ сәулет» мекемесінің директоры,
Созақ ауданының Құрметті азаматы.

Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясында тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес 9 ақпан жасырымыздың ақиық ақыны М.Мақатаевтың туған күніне орай «Әр өлеңі-бір әлем» атты әдеби-сазды кеш болып өтті. Мұқағалидың «Атырау- Алтай» поэмасымен кеш шымылдығы ашылып, кең байтақ еліміздің әрбір аймағына жекелей тоқталып, тізе бүгіп құрмет көрсеткені жас жеткіншектердің туған жерге деген махаббатын арттыра түскендей. Ақын қалам тербеген лирикалық өлеңдеріне диалог арқылы кіріспе жасай отырып, нақышына келтіре жатқа оқыды. Туған жер, Отан достық, махаббат туралы өлеңдері оқушылардың патриоттық сезімдері күшейте түскендей. Ақынның сезім мен сырға толы, жүрекке жол табатын өлеңдерін, 10 сынып оқушылары Сағат Жаннұр, Қойшыбай Мақсан, Файзулла Данияр, Аманқозы Мағжан, Ануарбек Еңлік, Әлі Мөлдір,

Сезім мен сырға толы кеш



Қыстау Нұрданалар нақышына келтіре орындады. Ақынның туған жері Қарасазға соңғы сапарын баяндаған көрініс те сәтімен шықты. Ауылнай

бейнесін сомдаған 11 сынып оқушылары Биболат Назерке, ақын жігіт Ерік рөліндегі Уали Бейбарыс, ақиық ақын Мұқағалиды республикалық

сайыстардың жеңімпазы Шакизад Азамат шебер сомдап шықты. Өз заманындағы зиялы қауым өкілдерінің естеліктерімен қорытындылай отырып ақынның «Есіңе мені алғайсың» өлеңінің ізімен мұзбалақ бейнесінің мәңгі халық есінде екендігін атап көрсетті. Кеш көрігін әсем әнмен Нұрланқызы Нұрилла, Мүсілім Айшолпан қыздыра түссе, көркем бимен 6 «А» сынып оқушылары өрнектеді. Поэзия әлемінің падишасы ешқашан ұмытылмақ емес. Жырсуіер жеткіншектердің талабына нұр жаусын!

Амангүл ПАЛУАНОВА,
Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.